

АНЫҚТАМА

Тақырыбы: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заң баптарын басшылыққа алу
Мақсаты: Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы мен оған сәйкес нормативтік-құқықтық актілерін басшылыққа ала отырып, мектеп ұжымында сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік мәдениетін қалыптастыру, адалдық пен әділдік қағидаттарын ұстануды қамтамасыз ету.
Өткізілген орны: АКТ залы
Өткізілген уақыты: 26.09.2025;

Жауаптылар: Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары Дүйсен А., «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы жетекшісі Иса А.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V ҚРЗ Заңы – мемлекеттік органдар мен ұйымдардың қызметінде, соның ішінде білім беру мекемелерінде де басшылыққа алынатын негізгі құжат.

Оның басты баптары:

3-бап: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың қағидаттары (заңдылық, ашықтық, жариялылық, әділдік, азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау).

6-бап: Мемлекеттік органдардың, ұйымдардың сыбайлас жемқорлықтың алдын алу жөніндегі міндеттері.

10-бап: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

12-бап: Әдеп кодексін сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы шектеулер.

Сонымен қатар, ҚР Президентінің Жарлықтары, ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің нұсқаулықтары, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрықтары басшылыққа алынады. Аталған заң баптарына сәйкес, мектепте төмендегідей жұмыстар жүзеге асырылады: «Адал Ұрпақ» еріктілер клубы аясында оқушыларды адалдық пен әділдікке тәрбиелеу; Сынып сағаттары мен тәрбие шараларында «Сыбайлас жемқорлыққа жол жоқ», «Адалдық – адамдықтың белгісі» тақырыптарын кеңінен талқылау;

Мектептің педагогикалық ұжымы үшін Әдеп кодексі талаптарын түсіндіру;

Ата-аналар жиналысында «Ашықтық пен жариялылық» қағидаларын сақтау жөнінде ақпарат беру;

Мектеп сайтында, ақпараттық бұрыштарда сыбайлас жемқорлыққа қарсы плакаттар мен ұнпарақтар орналастыру; Оқушылар мен ата-аналардан түсетін шағымдар мен ұсыныстарға арналған «Сенім жәшігі» және онлайн байланыс арналарының жұмысын ұйымдастыру. Оқушылардың заңға құрметі артып, әділдік пен адалдық құндылықтарын бойына сіңіруі;

Мұғалімдер арасында кәсіби әдепті сақтау деңгейінің күшеюі;

Ата-аналар мен қоғам алдында мектептің ашық әрі әділ жұмыс істеуі;

Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көрінісіне төзімсіздік мәдениетін қалыптастыру. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын басшылыққа алу – білім беру ұйымдарының басты міндеттерінің бірі. Бұл бағыттағы жұмыстарды жүйелі жүргізу арқылы мектепте адалдық, әділдік және заңға бағыну қағидаттары нығайып, жас ұрпақ арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрақты иммунитет қалыптасады.

Директордың тәрбие жөніндегі орынбасары: Кұлберген А.

